

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
28.09.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 28.09.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым).

Сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Бекжанов Берік Айдарбекұлына беріледі.

БЕКЖАНОВ Б.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған саяси реформалар саяси жүйенің сапалы өзгеруіне септігін тигізеді және олар ұзақ мерзімді сипатқа ие екені баршаға мәлім. Оның ауқымы кең, мазмұны бөлек. Конституциялық реформаның мәні мен негізгі бағдары – қазіргі қоғамдық қатынастарды ең маңызды мәселелерін ашу және бекіту, саяси жаңғырту үрдістерін анық және нақты көрсету, соның ішінде адам құқықтарын қорғау, заң үстемдігін орнату, әділетті Қазақстан құру.

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Мемлекет басшысының жоғарыда аталған бастамасын жүзеге асыру және заңмен реттелген қоғамдық қарым-қатынастарды, құқық пен жауапкершілік тепе-теңдігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

Заң жобасында Конституциялық Соттың қызметіне және сайлау құқықтарына қол сұғатын құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілікке байланысты қоғамдық қатынастар реттеледі.

Бұдан басқа заң жобасы Есеп комитетінің Жоғары аудиторлық палатаға қайта құру бөлігіндегі саяси реформаларын толыққанды іске асыруды көздейді.

Ендігі жерде Ата заң ережелерінің қатаң сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік құқық қорғау институттарын, оның ішінде Конституциялық сот мәртебесін күшейту мақсатында Конституциялық Сот судьясына құрметтемеушілік білдіру әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Атап айтқанда, сот отырысына тараптардың қатысуынсыз өтінішті одан әрі қарау

мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың хабарлама, шақыру бойынша сотқа себепті дәлелдерсіз келмеу, сот отырысында төрағалық етуші судьяны өкімдерін тыңдамау, яғни Конституциялық Сот судьясына құрметтемеушілік көрсету үшін ескерту жасау, айыппұл салуға немесе 5 тәулікке дейін қамаққа алу жазасы қарастырылған және бұл жауапкершілік кодексте жеке бап ретінде көрініс тапты.

Аталған жаңа бапқа сәйкес Конституциялық Сот Аппаратының лауазымды тұлғаларына Конституциялық Сотты құрметтемегені үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша хаттамалар толтыру өкілеттігі беріледі.

Заман ағымына сай бүгінгі күні сайлау науқанында үгіт жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдары, теледидар және радио арқылы жүргізумен қатар онлайн-платформада да жүргізу қарастырылуда. Алайда аталған құқық заң шеңберінен шықпай, өзгелерге нұқсан келтірмеуі тиіс. Осыған орай сайлауға түскен кандидаттардың, саяси партиялардың ар-намысы және қадір-қасиетіне көрінеу нұқсан келтіретін ақпаратты онлайн-платформалар арқылы таратпау керек. Ал ондай жағдай орын алса 50 айлық есептік көрсеткішке дейін жеке және заңды тұлғаларға айыппұл қарастырылған. Сонымен қатар Адам құқықтары жөніндегі уәкілді әкімшілік жауапкершілікке тарту тәртібі өзгерді.

Атап айтқанда, Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты күштеп әкелуде сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалардағы шаралар енді Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімімен ғана жүзеге асырылатын болады. Оған қоса заң жобасы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өңірлердегі өкілдерінің заңды қызметіне кедергілер келтіру үшін әкімшілік жауапкершілік көзделеді.

Заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша құқықтық келіспеушілікті жою, заң жобасының нормаларын қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында редакциялық нақтылау сипатындағы түзетулер енгізілді.

Парламент Мәжілісінің комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын ұсынды.

Заң жобасы мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар өкілдерінің, сондай-ақ Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті жанындағы Қоғамдық-сараптамалық кеңес заңгерлерінің қатысуымен өткен 11 жұмыс топтарының отырысында жан-жақты қаралды.

Құрметті әріптестер, қорыта келе, комитет заң жобасын екінші оқылымда мақұлдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жолдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймыз. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Сол ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Қаулы қабылданды.



*Дүрсіз: Құжаттамашен қалыптасуы ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Майя Н. Майынтаған.*